

**"Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 6 ақпандағы № 36 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 7 ақпанда № 35709 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік қызметті республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар аудандардың, қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) кент, ауыл, ауылдық округ әкімі (бұдан әрі – ауылдық округ әкімі);

3) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

4) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы өзінің немесе отбасының атынан (немесе өкілі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша) көрсетілетін қызметті берушіге немесе ауылдық округ әкіміне немесе Мемлекеттік корпорацияға жазбаша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен немесе порталға электрондық түрде осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

Жазбаша өтініш берген кезде құжаттарды қабылдайтын маман "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес сұрау салу қалыптастырады.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде көрсетілетін қызметті алушы өтінішке "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – тізбе) көрсетілген құжаттарды қоса отырып жүгінеді.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген тізбеде көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті алушыға:

Мемлекеттік корпорацияда – өтініш берушіден қабылданған құжаттардың тізбесі, өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде), өтініш беру күні мен уақыты, сондай-ақ дайын құжаттарды беру күні көрсетілетін тиісті құжаттарды қабылдау туралы электрондық қолхат, өтініш берушінің өтініші бойынша қолхат қағаз түрінде беріледі;

көрсетілетін қызметті берушіде немесе ауылдық округ әкімінде – тіркелген күні мен мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген үзбелі талон беріледі;

портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус көрінеді.

Көрсетілетін қызметті алушы толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы әлеуметтік көмекке портал арқылы электронды түрде жүгінген кезде мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне қажетті мәліметтерді алу үшін көрсетілетін қызметті алушының өзі сұрау салады.

Бұл ретте мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен келіп түскен электрондық өтініш пен мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушы өзінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

7. Өтініштерді, оның ішінде электрондық өтініштерді көрсетілетін қызметті беруші немесе ауылдық округ әкімі түскен жұмыс күні ішінде, ал жұмыс күнінен тыс келіп түскен жағдайда – өтініш түскен күннен кейінгі бірінші жұмыс күні тіркейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік

қағидаларының 8-тармағы 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш түскен кезде көрсетілетін қызметті беруші немесе ауылдық округ әкімі көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайын зерттеп-қарау үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде учаскелік комиссияға жібереді."

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті беруші учаскелік комиссиядан немесе ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 181 "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32609 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу қағидаларына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық топтамасын арнайы комиссияның қарауына ұсынады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын;

"15. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізбеде көзделген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші шешім қабылдағанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын көрсетілетін қызметті алушыны бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша ұстанымды білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізілетіні туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші тыңдаудың уақыты мен күнін белгілейді, ол:

көрсетілетін қызметті алушыны бейнеконференц-байланыс немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы тыңдауға шақыру;

ақпараттық жүйелерді пайдалану;

көрсетілетін қызметті алушыға өзінің ұстанымын баяндауға мүмкіндік беретін өзге де байланыс тәсілдері арқылы жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге қарсылықты алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде оны беруге немесе білдіруге құқылы.

Көрсетілетін қызметті алушы өз қарсылығын ауызша білдірген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға тыңдау хаттамасын жүргізеді.

Көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға көрсетілетін қызметті алушыны тыңдау хаттамасымен танысу мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті.

Көрсетілетін қызметті алушы танысқаннан кейін үш жұмыс күні ішінде тыңдау хаттамасына өз ескертулерін беруге құқылы.

Ескертулерді қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, бас тартқан жағдайда – осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсету туралы қабылданған шешім туралы хабарлама жолдайды.

Егер әлеуметтік көмек көрсетуге өтініште мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы телефон нөмірі көрсетілсе, әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы автоматты режимде жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушының ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу мүмкіндігі болмаса, көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарламаны басып шығарады және оны көрсетілетін қызметті алушы өзі келген кезде береді.

Өтініш портал арқылы берілген болса, әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарлама шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне портал арқылы автоматты режимде жіберіледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалар осы бұйрыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 1-1 және 1-2-қосымшалармен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалар осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3 және 4-қосымшалары осы бұйрыққа 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалар осы бұйрыққа 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес 5, 6 және 7 қосымшалармен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 8-қосымша алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі

С. Жакупова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2025 жылғы 6 ақпандағы  
№ 36 бұйрығына  
1-қосымша  
"Жергілікті өкілді органдардың  
шешімдері бойынша мұқтаж  
азаматтардың жекелеген  
санаттарына әлеуметтік көмек  
тағайындау" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан  
Жергілікті атқарушы  
органның басшысына

## Өтініш

Азамат \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні: \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі: \_\_\_\_\_

Жеке басын куәландыратын құжат түрі: \_\_\_\_\_

Құжаттың сериясы: \_\_\_\_\_ құжаттың нөмірі: \_\_\_\_\_ кім берген: \_\_\_\_\_

Берілген күні \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысы

\_\_\_\_\_ қаласы (ауданы) \_\_\_\_\_ ауылы  
\_\_\_\_\_ көшесі (шағын ауданы) \_\_\_\_\_ үй \_\_\_\_\_ пәтер

Банк деректемелері: \_\_\_\_\_

Банктің атауы \_\_\_\_\_

Банк шотының № \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Маған \_\_\_\_\_ әлеуметтік көмек тағайындауды сұраймын

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

P/c №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
1	2	3	4

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлемді тағайындаған (қайта есептеген) кезде, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз міндеттемелерін орындаған кезде қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, ақпараттық жүйелерде бар, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

Банк шотының иесі ретінде өзім туралы, екінші деңгейдегі банктердегі, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиясы бар ұйымдардағы, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелеріндегі банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді алуға келісім беремін.

Тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкеталық деректердің, банктік деректемелердің өзгеруі туралы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жергілікті бюджеттен төленетін әлеуметтік көмекті есептеу үшін жеке банк шотын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жүгінуіне жол берілмейтіні туралы хабардармын.

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), өтініш берушінің (заңды өкілінің) қолы  
Құжаттарды қабылдаған:

\_\_\_\_\_  
(өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі

2025 жылғы 6 ақпандағы  
№ 36 бұйрығына  
2-қосымша  
"Жергілікті өкілді органдардың  
шешімдері бойынша мұқтаж  
азаматтардың жекелеген  
санаттарына әлеуметтік көмек  
тағайындау" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына  
1-1-қосымша  
Нысан  
Жергілікті атқарушы  
органның басшысына

**"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш**

Азамат \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні: \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі: \_\_\_\_\_

Мемлекеттік органдардың растауы:

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесінен алынған деректер

Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Жеке басын куәландыратын құжат түрі: \_\_\_\_\_

Құжат сериясы: \_\_\_\_\_

Құжат нөмірі: \_\_\_\_\_

Кім берген: \_\_\_\_\_

Берілген күні: \_\_\_\_\_

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы:

\_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_ қаласы (ауданы)

\_\_\_\_\_ ауылы \_\_\_\_\_ көшесі (шағын ауданы)

\_\_\_\_\_ үй \_\_\_\_\_ пәтер

Маған \_\_\_\_\_

әлеуметтік көмек тағайындауды сұраймын.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
1	2	3	4

Банктік деректемелер:

Банк атауы \_\_\_\_\_

Банктік шоттың № \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Электрондық пошта \_\_\_\_\_

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз міндеттемелерін орындаған, сондай-ақ төлемді тағайындаған (қайта есептеген) кезде "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, ақпараттық жүйелерде бар, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

Екінші деңгейдегі банктердегі, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдардағы, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелеріндегі банктік шот иесі ретінде өзім туралы және банктік шотымның нөмірі туралы мәліметтерді алуына келісім беремін.

Тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкеталық деректердің, банктік деректемелердің барлық өзгерістері туралы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жергілікті бюджеттен төленетін әлеуметтік көмекті есептеу үшін жеке банктік шот ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуды қолдануына жол берілмейтіні туралы хабардармын.

Өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы

Өтінішке қол қойылған күні мен уақыты:

\_\_\_\_ . \_\_\_\_ . \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минут \_\_\_\_\_ секунд

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2025 жылғы 6 ақпандағы  
№ 36 бұйрығына  
3- қосымша  
"Жергілікті өкілді органдардың  
шешімдері бойынша мұқтаж  
азаматтардың жекелеген  
санаттарына әлеуметтік көмек  
тағайындау" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына  
1-2-қосымша

### **Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салу**

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне "электрондық үкімет" шлюзі арқылы өтініш берушінің, отбасы мүшелерінің ЖСН бойынша мынадай:



- 1) ЖТ МДҚ-дан жеке басты куәландыратын;
- 2) ЖТ МДҚ-дан тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгені туралы;
- 3) әлеуметтік көмекті төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік деректемелері туралы;
- 4) "ЖМБМК" АЖ-да кадастрлық нөмірі және жылжымайтын мүліктің мекенжайы туралы;
- 5) баланың (балалардың) туу туралы куәлігі немесе "АХАЖ" АЖ-да туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (азаматтық хал актілерінің жазбалары) бойынша;
- 6) "АХАЖ" АЖ-да неке қию туралы куәлік бойынша (азаматтық хал актілерінің жазбалары);
- 7) "ҰББДҚ" АЖ-да қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы құжаттар бойынша;
- 8) ЖТ МДҚ-дан 14 жастан асқан қорғаншылықтағы баланың тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы;
- 9) "ДНЭТ" АЖ-де жеке тұлғаның Д-есебінде тұруы жөніндегі мәліметтерді алу үшін сұрау салу қалыптастырылады.

Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-сынан және ЕДБ АЖ-дан сұратылатын мәліметтерді растайтын электрондық құжаттар "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың, ЕДБ-ның ЭЦҚ-сымен, сондай-ақ сұрау салуды жүзеге асырған мемлекеттік корпорация бөлімшесі қызметкерінің немесе өтініш берушінің ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

Ескертпе:

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖТ МДҚ – "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры;

"ЖМБМК" АЖ – "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры" ақпараттық жүйесі;

АЖ – ақпараттық жүйе;

"АХАЖ" АЖ – азаматтық хал актілерінің ақпараттық жүйесі;

"ҰББДҚ" АЖ – "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесі;

"ДНЭТ" АЖ – "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесі;

ЕДБ АЖ – екінші деңгейдегі банктердің ақпараттық жүйесі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2025 жылғы 6 ақпандағы  
№ 36 бұйрығына  
4-қосымша  
"Жергілікті өкілді органдардың

шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына  
2-қосымша

**"Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар аудандардың, қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) кент, ауыл, ауылдық округ әкімі (бұдан әрі – ауылдық округ әкімі); 3) Мемлекеттік корпорация арқылы 4) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) құжаттардың топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге немесе ауылдық округ әкіміне немесе Мемлекеттік корпорацияға тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 8 (сегіз) жұмыс күні; 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Қағаз және (немесе) электрондық (ішінара автоматтандырылған) түрде.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша дәлелді жауап көрсетілген немесе қабылданған шешім туралы хабарлама ұсынылады. Порталда әлеуметтік көмек тағайындау туралы хабарлама, сондай-ақ әлеуметтік көмек тағайындау туралы ақпарат

		көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін көрсетіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде немесе ауылдық округ әкімінде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.</p> <p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.</p> <p>Құжаттарды қабылдау және дайын құжаттарды беру электрондық кезек тәртібінде жүзеге асырылады.</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік</p>

		<p>бойы (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі</p>	<p>Көрсетілетін қызметті берушіге немесе ауылдық округ әкіміне немесе Мемлекеттік корпорацияға :</p> <p>1) жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);</p> <p>2) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер ( адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамай тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер ұсынылмайды);</p> <p>3) мұқтаждар санатына жатқызу негіздерінің болу фактісін растайтын төменде көрсетілген құжаттардың бірі:</p> <p>дүлей апат салдарынан азаматқа ( отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат;</p> <p>өрт салдарынан азаматқа ( отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат;</p> <p>әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжат;</p> <p>жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмау фактісін растайтын құжат;</p> <p>жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмау фактісін растайтын құжат;</p> <p>бас бостандығынан айыру орындарынан босатылу, пробация қызметінің есебінде болу фактісін растайтын құжат.</p> <p>Салыстырып тексеру үшін құжаттар төлнұсқалары және көшірмелері ұсынылады.</p> <p>Салыстырып тексерілгеннен кейін</p>

		<p>құжаттардың төлнұсқасы көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.</p> <p>Поргалға:</p> <p>мемлекеттік қызметті көрсету үшін – "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 1-1-қосымшаға сәйкес өтініш;</p> <p>мемлекеттік қызметті көрсету туралы ақпарат алу үшін – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.</p> <p>Электрондық өтініште көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттың, тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың, мүгедектікті растайтын құжаттың, адамда әлеуметтік маңызды аурудың бар-жоғын растайтын құжаттың мәліметтерін көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p>
9	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі</p>	<p>Мынадай:</p> <p>1) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша.</p>
		<p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p>

10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>1) Министрліктің <a href="http://www.enbek.gov.kz">www.enbek.gov.kz</a> интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.</p> <p>Мереке күндері мен атаулы күндерге орай әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі.</p>
----	--	---

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2025 жылғы 6 ақпандағы  
№ 36 бұйрығына  
5-қосымша  
"Жергілікті өкілді органдардың  
шешімдері бойынша мұқтаж  
азаматтардың жекелеген  
санаттарына әлеуметтік көмек  
тағайындау" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына  
2-1-қосымша  
Нысан

**20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ әлеуметтік көмек көрсетуге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

Азамат \_\_\_\_\_,

(өтініш берушінің тегі, аты, әжесінің аты (бар болса)

өтініш берген күні: 20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_,

өтініш берушінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының 12-тармағында көзделген тізбеге сәйкес толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынуына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге өтінішін қабылдаудан бас тартылды (керегінің астын сызу).







Еңбекке жарамды барлығы \_\_\_\_\_ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері \_\_\_\_\_ адам.

Балалардың саны: \_\_\_\_\_, олардың ішінен жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар \_\_\_\_\_ адам, оқу құны жылына \_\_\_\_\_ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдары ардагерлерінің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары бар адамдардың, мүгедектігі бар адамдардың, мүгедектігі бар балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу қажет) \_\_\_\_\_

5. Тұрып жатқан жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзге көрсету қажет): \_\_\_\_\_

Тұрғын үйді ұстауға жұмсалатын шығыстар: \_\_\_\_\_

#### Отбасының табысы:

Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, мал мен құс), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	орта есеппен айына	

#### 6. Мыналардың бар-жоғы:

автокөлігі (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түсетін мәлімделген табыс) \_\_\_\_\_

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге тұрғын үйі (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) \_\_\_\_\_

#### 7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

#### 8. Отбасының өзге табысы (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолдары) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жасалған актімен таныстым: \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса) және қолы \_\_\_\_\_

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2025 жылғы 6 ақпандағы  
№ 36 бұйрығына  
7-қосымша  
"Жергілікті өкілді органдардың  
шешімдері бойынша мұқтаж  
азаматтардың жекелеген  
санаттарына әлеуметтік көмек  
тағайындау" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

Учаскелік комиссияның № \_\_\_\_\_ қорытындысы 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Учаскелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмекті алуға өтініш берген тұлға (отбасы)

---

---

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде тұлғаға (отбасыға) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмекті ұсынудың

---

---

(қажеттігі, қажетінің жоқтығы) туралы қорытынды шығарады.

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(қолдары) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қорытынды қоса берілген құжаттармен \_\_\_ данада 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

қабылданды \_\_\_\_\_

---

құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің немесе әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, қолы.

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі  
2025 жылғы 6 ақпандағы  
№ 36 бұйрығына  
8-қосымша  
"Жергілікті өкілді органдардың  
шешімдері бойынша мұқтаж  
азаматтардың жекелеген  
санаттарына әлеуметтік көмек  
тағайындау" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің 20\_\_ жылғы \_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы шешімі

Өтініш беруші \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Жынысы \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_\_

Мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздеменің болу фактісін растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні \_\_\_\_\_

Арнайы комиссияның қорытындысы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының 8-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша):

1. Әлеуметтік көмек көрсетілсін.

Әлеуметтік көмектің мөлшері: \_\_\_\_\_

(жазбаша)

Жиілігі: \_\_\_\_\_

(жазбаша)

2. \_\_\_\_\_

(бас тарту негізі)

әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартылсын.

Бөлім басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Маман \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2025 жылғы 6 ақпандағы  
№ 36 бұйрығына  
9-қосымша  
"Жергілікті өкілді органдардың

шешімдері бойынша мұқтаж  
азаматтардың жекелеген  
санаттарына әлеуметтік көмек  
тағайындау" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ (әлеуметтік көмек  
түрі) әлеуметтік көмек көрсету туралы хабарлама

Азамат \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім

Тағайындалған сома: \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ теңге

(сомасы жазбаша)

Хабарлама жауапты тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен  
куәландырылды

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(жауапты тұлғаның лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2025 жылғы 6 ақпандағы  
№ 36 бұйрығына  
10-қосымша  
"Жергілікті өкілді органдардың  
шешімдері бойынша мұқтаж  
азаматтардың жекелеген  
санаттарына әлеуметтік көмек  
тағайындау" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына  
7-қосымша  
Нысан

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ (әлеуметтік көмек  
түрі) әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту туралы хабарлама

Азамат \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту туралы шешім

\_\_\_\_\_

---

негіз (себептерін көрсету) көрсетуден бас тартылды.

Хабарлама жауапты тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен  
куәландырылды

---

---

(жауапты тұлғаның лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК